Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жалағаш жаршысы

№76 (9859)
24 қыркүйек,
сенбі
2022 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

**Президент**

# Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Үндеуі

**Қымбатты отандастар!**

Биылғы жыл жан-жақты реформалар мен нақты өзгерістер жылына айналды.

Маусым айында өткен референдумның нәтижесінде билік тармақтары арасында тиімді тепе-теңдік орнады.

Мемлекет «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасын берік ұстанады. Мәжіліс пен мәслихаттар жаңа аралас жүйе бойынша жасақталады. Депутаттардың бір бөлігі партиялық тізіммен, қалғаны бір мандатты округтен сайланады. Конституциялық сот құрылып, алдағы қаңтар айынан жұмыс істей бастайды. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты конституциялық мәртебеге ие болды. Биліктің бірқатар өкілеттігі қайта бөлініп, кейбір құзыреттер Президенттен Парламентке берілді. Енді өңірлердің әкімдері баламалы жолмен таңдалады.

Конституцияға жер және оның қойнауы халыққа тиесілі деген бап енгізілді. Мен осы ережені жүзеге асыру үшін «Ұлттық қор – балаларға» деген мүлде жаңа бағдарлама ұсындым.

Конституциялық реформа – мен Мемлекет басшысы болып сайланғаннан бері жүзеге асырып жатқан ауқымды саяси жаңғыру бағдарламасының ажырамас бөлігі. Осы бағдарлама аясында бейбіт жиналыстарды өткізу үшін алдын ала ескерту тәртібі енгізілді. Саяси партияларды тіркеу рәсімі жеңілдетіліп, тіркеудің қажетті шегі төмендетілді. Сайлау алдындағы партиялық тізімді жасақтау және депутат мандаттарын бөлу кезінде әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді. Саяси партиялардың Мәжіліске өту шегі 7-ден 5 пайызға төмендеді. Сайлау бюллетендеріне «бәріне қарсымын» деген баған қосылды. Парламенттік оппозиция институты құрылды. Қылмыстық кодекстің 130-бабы қылмыстық деп танылмайтын болды, 174-бабы ізгілендірілді. Өлім жазасы жойылды. Ауыл әкімдерін тікелей сайлау тәсілдері енгізілді. Сондай-ақ басқа да көптеген тың бастамалар жүзеге асырылды.

Жалпы, соңғы үш жылда жасалған өзгерістер мен конституциялық реформа мемлекеттік-саяси құрылымның жаңа үлгісін қалыптастырды. Сондықтан мен Жолдауымда сайлау мерзімін жария түрде және ашық айттым. Осылайша, біз басты мемлекеттік институттар – Президент, Парламент, Үкімет және мәслихаттардың бәрін біртіндеп қайта құрамыз.

Осы бастама жарияланғаннан бері бір айға жуық уақыт өтті. Бұл – барлық мәселені байыппен талқылап, жағдайды бағамдауға жеткілікті мерзім.

Халық біздің саяси жүйені өзгерту туралы жоспарымыздың мән-маңызын жақсы түсініп отыр. Сондықтан мен бүгін бұған дейін айтылған сайлаудың мерзіміне және Конституцияның талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2022 жылғы 20 қарашада өткізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Бұл науқан елдің бүкіл саяси жүйесін түбегейлі өзгертетін сайлау кезеңін бастап береді. Сол арқылы экономиканы тұрақты дамытуды, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартуды көздейтін ұзақ мерзімді міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік туады.

Мен Жолдауымда бірқатар ауқымды әлеуметтік-экономикалық шаралар қолға алынатынын жариялладым. Біз оның бәрін жақын арада жүзеге асыруымыз керек. Көп ұзамай қоғамға сайлау алдындағы тұғырнамамды ұсынамын. Онда әлеуметтік-экономикалық дамуды көздейтін жаңа бастамалар айтылады.

Мен Мемлекет басшысы ретінде сайлау науқаны қатаң түрде заңға сәйкес өтетініне кепілдік беремін. Оны отандық және шетелдік байқаушылардың қатысуымен әділ әрі ашық өткізетін боламыз.

Барша азаматтарымызды жауапкершілігін сезініп, демократия, заң және тәртіп қағидаттарын берік ұстануға шақырамын. Еліміздің бірлігі мен тұтастығын көрсете білейік.

Халқымыздың тағдыры, Қазақстанның болашағы әрқайсымыздың қолымызда.

Біз Әділетті Қазақстанды бірге құрамыз!

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2022 жылдың 20 қарашасына тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін уақытында жасауды және дұрыстығын қамтамасыз етсін, Орталық, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін.

5. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2022 жылғы
21 қыркүйек №1019

**Бәрекелді!**

# Ауылдағы алтын ұя

**Биыл аудан білім саласын оң нәтижемен қорытындылады. Ұлағатты ұстаздардың қажырлы еңбегі ақталып, бұған дейінгі жетістіктерді қайталауға мүмкіндік туды. Әрине оның себебін ізденісі басым балалар мен бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға іс қылған мұғалімдермен байланыстырамыз. Әсіресе ҰБТ қорытындысы бізді қуантып отыр. Биыл мамырда 358 түлек мектеп бітірсе, оның 280-і мемлекеттік грант конкурсына құжаттар тапсырған. Нәтижесін сұрасаңыз, соның 246-сы мемлекеттік грантпен ЖОО-да білім алуға қол жеткізді.**

Аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов биыл ҰБТ қорытындысымен саладағы жұмысында серпін қалыптасқан ауылдардағы орта мектептер қатары артқанын айтады. Тіпті биыл мектеп бітірушілердің 90-95 пайызы мемлекеттік грантпен ЖОО-да білім игеруге мүмкіндік алған ауыл мектептері бар екен. Солардың бірі – ауданнан шалғай жатқан Жаңаталап ауылдық округіндегі №119 орта мектеп.

Иә, Жаңаталап – командалық болсын, жеке дара спортшылар арасында болсын үлкен додаларда топ жаратын саңлақтар түлеген ауыл. Бұлай болуы да заңдылық сияқты. Себебі бұл ауылда балалардың спортпен айналысуына мектеп жасынан барлық жағдай жасалады екен. Ауылдағы бір ғана орта мектепте «Ән», «Би» секілді өрендердің шығармашылығын шыңдауға бағытталған үйірмелерді былай қойғанда, тек спорт саласында 6 үйірме тұрақты жұмыс жасап тұр. Бүгіннің өзінде бұл мектепте халықаралық додаларда, байрақты бәсекелерде ел намысын қорғап жүрген саңлақтар білім алып жатыр.

Биыл Жаңаталаптағы білім ұясы жаңа оқу жылын 152 оқушымен бастады. Оның 20-сы мектеп табалдырығын алғаш аттап отыр. Одан бөлек, мектепалды даярлыққа 20 бала қабылданған.

Мектеп директорының міндетін атқарушы Салтанат Сейдуллаеваның сөзіне сүйенсек, жыл сайын атқарылған істен оң нәтиже қалыптасып жатқан көрінеді. Ұлағатты ұстаздың бұл сөзінің рас-өтірігіне көз жеткізу үшін қыр асудың қажеті жоқ. Былтырғы оқу жылының қорытындысына қанықсаңыз, расында бұл ұжымның табанды еңбек етіп жатқанын аңғара қоясыз.

Өткен оқу жылында ауылдағы орта мектепті 7 түлек тәмамдаған. Жетеуі де ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, оның алтауы еліміздегі маңдайалды ЖОО-да мемлекеттік грантпен білім игеруге мүмкіндік алған. Қалған бір мектеп бітіруші де бүгінде ақылы негізде ЖОО-да білім алып жатыр екен. 7 түлектің алтауы мемлекеттік грант жеңіп, жалпы түлектер 100 пайыз жоғары оқу орнында бүгінде білім игеріп жатса, мұны нәтиже демей не дейміз?.

2 →

**Егінжай – 2022**

# Қырмандағы қызу еңбек

**Бұл – Мақпалкөл ауылдық округіндегі «Құрманбай ата» мен «Ер-Әлі» шаруа қожалығының қырман басы. Көріп тұрғандарыңыздай, мұнда жұмыс қайнап жатыр. Сыр салысын өсіруден ісі өрге басқан бұл ұжым биыл да қамбаны астыққа толтыратын іспетті. Ауылға алып барар жолдың сол жақ бетіндегі алқапта өнімнің шығымы бітік, қамбаға да осыған дейін мол астық құйылған. Ал төраға Әліби Бекжанов күзгі жиым-терімнің бүгінде тек 40 пайызы аяқталғанын айтады.**

Күрішпен елдің кірісін еселеген еңбек ұжымы биыл 1 100 гектар алқапқа Сырдың басты дақылын сепкен. Ала жаздай төккен тер, еткен еңбектің нәтижесі болар, жолай көзімізге өнімі бітік егіс алқабы түсті. Қырман басында да құйылған мол астықтың куәсі болдық.

Әлекең әуелден қарамағындағы жұмысшыларының әлеуметтік жағдайына аса мән беретінімен бізді таң қалдырған. Осыған дейін Мақпалкөлдегі қаншама отбасына жаңа баспана салып бергеніне куә болғанбыз. Қазір халық қалаулысының қолдауымен ауылда жаңа үйде қоныс тойын тойлағандар қатары жиырмаға жуықтапты. Ал төраға алдағы уақытта да қолда бар дүниесін көппен бөлісіп, елдің қажетіне жараудан әлі де тартынып қалмайтынын айтады. Қазір ауылда жүзеге асқан кез келген жобаның түбін түртсең, оның бастауында осы қос шаруашылықтың бірі қылаң береді. Міне, кәсіпкер ісінің алға басуын біз көптің қажетіне жарап, елдің ыстық ықыласына бөленген халық қалаулысының ақадал ниетімен байланыстырдық. Басшылық тарапынан мұндай қолдаудың еңбек өнімділігіне де айтарлықтай әсер ететінін осындағы дала дарабоздарының ширақ қимылынан аңғару қиын емес.

Жалпы кез келген істе тұралауға болмайды. Әсіресе тың жаңалықтармен жұмысты түрлендіру кәсіпкерлік саласында маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыда Әліби Бекжанов тың жобалардан кенде емес. Тоқырау жылдары түрлі қиыншылықтарға мойымай шаруашылық ашып, күріш өсірумен айналысты. Саланың барлық кедір-бұдырын еңсерген Әлекең уақыт өте алмабақ ашуды көздеді және оны жүзеге асырды да. Қазір жылына қаншама тонна түрлі сұрыптағы дәмі тіл үйірер өнімнің бұл түрін «Құрманбай ата» шаруа қожалығының нарыққа шығарып жатқанына да біршама уақыт болды. Тамшылатып суару әдісімен жайқалған бұл бақ биыл да мол өнім беріп жатыр.

Биыл Әліби Бекжанов арнайы жер ашып, тәжірибелік мақсатта картоп, сәбіз, қызылша секілді бірнеше бақша өнімдерін өсіруді қолға алды. Жазда ондағы егіс басында өнімнің алды гүлдеп, қызылша мен сәбіз де тегіс көктеп тұрған. Төраға бұйыртса, ондағы астықты да жинайтын күннің ауылы алыс емес дейді. Әзірге қос шаруашылықтың еңбек ұжымы алқаптағы күрішті қамбаға құюда.

Жергілікті шаруашылықтың тұқым дайындаумен айналысып жатқанына да бірнеше жылдың жүзі болыпты. Мұнда жыл сайын әзірленетін сұрып көлемінің артуы осында дайындалған өнімге жергілікті шаруашылықтар тарапынан сұраныстың жоғары екенін аңғартады. Демек, қай істе де бұл ұжымның сапаға басымдық беретіні белгілі болып отыр. Төраға шамамен мұнда жылына 2 мың тонна тұқым әзірленетінін айтады. Сондай-ақ ол биыл оның көлемін арттыруды жоспарлап отыр.

110 адамды жұмыспен қамтып отырған шаруашылықтың шаруасы шираған. Мұндағы дәнді ерте көктемде сепкеннен оны жинап алғанға дейін пайдаланатын техниканың барлығы озық үлгіде. Тіпті Сыр салысынан сапалы сұрып әзірлейтін арнайы аппараттың өзі қуатты құрылғылар. Қазір қырман басында жиналған өнім тазартылып, мал азығы да әзірленуде. Төраға дайындалған жемді ауыл тұрғындарына төмен бағада үлестіруде.

Ауыл еңбеккерлерінің қимылы шалт, «қырман тасысын» деп батасын беріп жатқан ақсақалдар да дән риза. Көптің көңілін тауып, елдің ырысын еселеген төрағаның да көңілі тоқ. Бұл ұжымның біркүндік жұмысына куә болған біз де риза болдық. Қырман тасып, ел ырысы ортаймасын. Осындай берекелі, ауызбіршілікпен жүзеге асқан қайнаған жұмыстың куәсі болғанға не жетсін!

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Жолдауға қолдау

# Оң өзгерістер бастауы

**Осы аптада «Amanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалының мәжіліс залында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын насихаттау мақсатында «Халыққа қызмет» бастауыш партия ұйымының мүшелерімен кездесу өтті.**

Жиынға «Amanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Қаншағүл Мұстафаева, Жалағаш аудандық мәслихат депутаты Ұлжахан Тәжібаева, «Қазақстан – 2030» бастауыш партия ұйымының жетекшісі Ботагөз Жақанова қатысты. Басқосуда сөз алған Қ.Мұстафаева маңызды құжатта айтылған басты тапсырмаларға тоқталды.

– Жолдауда айтылған басым бағыттар, яғни қоғамда көп талқыланып жүрген зейнет жасы, тәрбиешілердің жалақысы, ең төменгі жалақы, білім мен денсаулық саласына қатысты мәселелер қамтылып, көптің көңілінен шықты. Әділетті Қазақстанды құру үшін бірлік пен табанды еңбек керек. Сондықтан да мен әрбір қазақстандықты ел игілігі үшін аянбай жұмыс жасауға шақырамын – деді ол.

Сондай-ақ жиында сөз алған аудандық мәслихат депутаты Ұ.Тәжібаева Мемлекет басшысының Жолдауы әрбір қазақстандыққа жүктелетін зор жауапкершілік екеніне тоқталды. Сондықтан алға қойған бағытымыздан таймай, жаңа Қазақстанды бірге құруға атсалысуымыз керек екенін жеткізді.

– Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін Жолдауды халық асыға күтеді. Биылғы маңызды құжат та да ел дамуының жаңа міндеттерін айқындап берді. Жолдау жүктеген маңызды міндеттердің ішінде халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыруға, ұлт сапасын арттыруға баса мән беру керектігі айтылды, – деді Б.Жақанова.

Кездесу барысында бастауыш партия ұйымының мүшелері де өз ойларын ортаға салып, саяси құжатта жүктелген мақсат-міндеттерді орындау мемлекеттің жарқын болашағы үшін айрықша маңызға ие екенін жеткізді.

# Жолдау жауапкершілік жүктейді

**Баршамызға белгілі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын арнап, ел дамуының бағыт-бағдарын айқындап берді. Президент бұл жолғы Жолдауында да әлеуметтік ахуалын жақсартып, өмір сапасын арттыратын бірнеше басымдықты атап өтті.**

Жолдауда қамтылған негізгі 5 бағыт бойынша кеше «Amanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалында өткен кездесуде өзге ұлт өкілдеріне насихат жұмыстары жүргізілді.

Аталған басқосуға «Amanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Қаншағүл Мұстафаева, «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі Жалағаш ауданы бойынша төрайымы Дина Мейірман, А.Бисенов атындағы №38 орта мектеп мұғалімі Тамара Бицеева және аудан орталығындағы өзге ұлт өкілдері қатысып, құжатта берілген тапсырмаларды бірлесіп орындау жайлы пікір алмасты.

**«ЖЖ» ақпарат**

Сақтансаң, сақтайды

# Қаржы пирамидасы – алаяқтардың қақпаны

**Бүгінде елімізде “мол табысқа кенелемін” деп бар жиған-тергенінен күмәнді қаржылық ұйымдарға салып, әп-сәтте айырылып жатқан қазақстандықтар аз емес. Ашынған азаматтар, тіпті өз-өзіне қол салып, өмір сүруден түңіліп жатады. Алаяқтық фактілерінің көбейгенін ескерткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті мемлекеттік органдарға қаржы пирамидаларына қарсы кешенді шаралар әзірлеуді міндеттеген еді. Өйткені оңай олжаға құныққан алаяқтар халықты алдап-арбаудың айла-амалын ойластырып, одан әрі дами түсуде.**

Заман ағымына қарай қаржы пирамидалары да түрленіп келеді. Жаңа байланыс технологияның дамуымен олардың саны да артуда. Қазір интернет алаяқтарының өршіп тұрған сәті, себебі интернет алаяқтары өзінің құрығына түсіремін деген кісімен бетпе-бет жүздеспей, монитордың әр жағында отырып-ақ өз ісін тындыра береді. Сондай-ақ қаржы пирамидалары бағалы қағаздар, зергерлік бұйымдар, туристік жолдамалар, криптовалюта сатамыз дегенді желеу етіп, жұрттың қалтасына түсіп жүр. Бұған қоса заңды микроқаржы ұйымдары, букмекерлік кеңселер, тұтыну кооперативтері мен үлеспұлдық инвестициялық қорлардың атын жамылып жүргендер де жетерлік.

Осы орайда аудан орталығында Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің қызметкерлерінің аудан тұрғындарымен кездесуі өтті. Кездесудің негізгі мақсаты – аудан халқын осындай күмәнді қаржылық ұйымдарына қаржы құю, интернет алаяқтарының қалай құрығына түспеудің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Аса маңызды істер жөніндегі тергеуші Майра Оралбаеваның айтуынша, республикамыздың барлық өңірінде әртүрлі үлгідегі алаяқтық жобалар көбейген. Ел аумағында жыл басынан бері 37 қаржы пирамидасын ұйымдастырушыларға қатысты ҚР ҚК-ның 217 бабымен 45 қылмыстық іс тіркелген, оның ішінде 7 қылмыстық іс сотпен қаралып, 11 адам 3 жылдан 6 жыл 8 ай мерзімге дейін түрлі жазаға тартылды. Барлығы 6,5 млрд теңгенің мүлкіне тыйым салынған. Қазіргі кезде бұл саладағы қылмыспен күресудің жаңа әдістемелері басшылыққа алынған. Яғни талдау жасау арқылы оларды басталу кезеңінде тыйып тастауға мүмкіндік туындаған.

– Әлеуметтік желі арқылы оңай олжа ұсынатын жарнамалық сайттар мен сілтемелерді анықтау мақсатында тұрақты түрде арнайы ақпараттық жүйемен мониторинг жасалады. Бүгінгі күнге департамент мамандарымен заңсыз ойын белгілерімен 1 178, оның 747-сі заңсыз ойын бизнесі және қаржы пирамидасына қатысты 431 сайт пен сілтеменің белсенді жұмысы тоқтатылды. Департамент қызметкерлерінің жедел-іздестіру шаралары нәтижесінде облысымызда жыл басынан бері алаяқтық белгілерімен «ROGNEDA» және «Не работа» деген компаниялар анықталды. Азаматтардан «Каспи голд» арқылы аударым қабылдау жолымен жиналған қаражат көлемі 89,6 млн теңгеге жеткен. ҚР ҚК-ның 217 бабымен тіркелген екі іс материалы, тергеу реттілігімен, облыстық полиция департаментіне және Түркістан облысы бойынша ЭТД-ға жолданды. Осындай күмәнді жобалардан азаматтарды сақтандыру және алдын алу үшін бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Алайда «ақшамды еселеп көбейтіп аламын» деген сеніммен мыңдаған жан алданып қалып жатыр. Облыстық қоғамдық даму басқармасымен бірлесіп, біздің мамандар аудандарда кездесулер өткізіп жүр. Облыстық телеарнамен бірге бейнеролик жасалды, «Азаматтарға арналған үкімет» залдарында, сауда орындарында, қала көшесіндегі LED экрандарда көрсетілуде, – дейді Майра Оралбаева.

Ашығын айтқанда, халықтың мұндай пирамидаларға алданып қалуының басты себептері қаржылық-кредиттік заңнама саласындағы білімнің жеткіліксіздігі, ақшаны ұстау мәдениетінің төмендігі, сондай-ақ азаматтардың ақша жинауы және инвестициялауынан болып табылады. Өйткені мұндай ұйымдардың жарнама саясаты өте қарқынды дамыған. «Ақшаңды еселеп қайтарасың», «Жақсы өмірге жолдама», «Ананды Меккеге апарғың келсе, бізбен жұмыс жаса» деген секілді қаржылай қиналып жүрген адамның ойына дереу психологиялық әсер ететін сөздермен баурап жатады. Сонымен қатар интернет желісіне кіре қалсаң, бірінші осындай күмәнді ұйымдардың жарнамасы шыға келеді. Интернетте 30 минут жұмыс жасаған адам, кемінде 3-4 рет осындай жарнамаға кездеседі. Яғни мұндай алаяқтар адам тартудың барлық тәсілін пайдалануға дайын екенін көрсетеді. Сондықтан халықтың қаржылық сауаты жоғары болуы қазіргі таңда маңызды.

– Статистикаға көз жүгіртсек, ерлерге қарағанда әйелдер қаржылық ұйымдарға көп алданып жатады. Оның себебі әйелді ыдыс, жиһаз секілді материалдық заттарды ұсыну арқылы оңай тұзаққа түсіреді екен. Яғни қаржылық ұйымға қаржы салып кіріп, сол ұйымнан ыдыс не болмаса жиһаз сатып алатын көрінеді. Содан өзіннен кейін 3-4 адам тартуды міндеттейді. Осылай қаржылық пирамида өзінің ауқымын кеңейтеді. Бірақ соңында тек осы ұйымды ойлап тапқандар ғана ұтыста болады, соны естен шығармау керек. Ал ер кісілер букмекерлік кеңселердің құрығынан шыға алмай жүр. “1хбет”, “Олимпбет” секілді кеңселерге ер кісілердің спорттық ойындарға бәс тігіп, өз ақшаларынан айырылып жатқандары жетерлік. Әрине қазіргі таңда бұл ұйымдарға ел аумағында өз кеңсе-ғимараттарын ашуға рұқсат жоқ. Бірақ бұл кеңселер жұмыс істеудің басқа жолын ойлап тапқан, қазір букмекерлік кеңсе ғимаратына барудың еш қажеті жоқ. Қолында ұялы телефон немесе ноутбук болса, жеткілікті. Букмекерлік кеңсе сайтына интернет желісі арқылы кіріп, сонда тіркеліп, ақшаңды салып әрі қарай ойнай бересің. Менің айтарым, мүмкін мұның барлығы жеңіл ақша әкелетін шығар, бірақ мұның алып келетін межесі сіздің банкрот болуыңыз. Өйткені мұндай ұйымдар ешқашан ұтылмайды, қаржысынан айырылатын қарапайым халық, – дейді аса маныызды істер жөніндегі жедел уәкіл Кайрат Ахметов.

Жаман айтпай, жақсы жоқ, егер сіз осындай алаяқтық әрекетке жолықсаңыз не істеу керек? Ең алдымен тағы бір рет бұл ұйымның қаржылық пирамида екеніне көз жеткізу қажет. Қолындағы алаяқтарға ақша аудару фактісін растайтын құжаттар, яғни келісім, банктік шот бойынша үзінді көшірме, қолма-қол ақшаны беру туралы бұйрық болса, пирамидаға кіргізген адамға дереу хабарласқан жөн. Егер пирамида схемасы әлі де күшінде болса, ұйымға жазбаша шағым беріп, ақшаны қайтаруды талап ету қажет. Ақшаны қайтарып бермесе, қылмыстық іс қозғау үшін құқық қорғау органдарына хабарласатын ұйымдастырушыларға, одан нәтиже болмаған жағдайда құқық қорғау органдарына хабарлаған жөн. Әдетте мұндай жағдайда ақшаны қайтарып алу мүмкіндігі әлдеқайда жоғары. Алаяқтықпен күрестің маңызды сәті – бұл туралы көпшілікке жария ету. Сондықтан алаяқтардың көбейген уақытында өзіміздің басқан әрбір қадамымызға сақтықпен және жауапкершілікпен қараған абзал. Тегін ірімшік тек қақпанда екенін ұмытпайық.

**Жандос ЖАЗКЕН**

# Ауылдағы алтын ұя

– Жаңа оқу жылын 150-ден астам оқушымен бастадық. Былтыр саланы жақсы жетістікпен қорытындыладық. Биыл да алдымызға қойған мақсатымыз бар. Сол межені орындауға мұндағы ұлағатты ұстаздар бар қарымқабілетін жұмсайды. Биыл мектеп бітіруші түлектерді ҰБТ-ға дайындау жұмыстары басталып кетті. Барлығы 5 оқушы мектепті тәмамдаса, оның төртеуі ҰБТ-ға баруға талап қылып отыр. Жақында олар алдын ала дайындықтан бір рет өтті. Алды 90 баллға жуық ұпай жинады. Бұл біз үшін көңіл көншітетіндей көрсеткіш емес. Сондықтан оларды ҰБТ-ға дайындау жұмыстарын әлі де ширату керек деп шештік. Солай болып жатыр да. Мұнан бөлек бізде түрлі үйірмелер жұмыс жасайды. Оның басым бөлігі спорт саласының үлесінде. Содан да болар, қазірдің өзінде бізде үлкен додаларда топ жарып жүрген мектеп мақтаныштары көп. Олардың қатарында халықаралық додада дзюдодан ел намысын қорғап, жүлделі орындардан бой көрсетіп жүрген Бақберген Жомартұлы деген шәкіртіміз бар. Мұнан бөлек былғары қолғап шеберлері арасындағы тартысты бәсекеде, аяқдоп шеберлері арасындағы сайыстарда өзін мойындатқан спортшылар да бүгінде осы мектеп қабырғасында білім алып жатыр. Бәсекеге қабілетті ұрпақтың бойында барлық қасиет, қабілет болуы керек деп ойлаймын. Ал мұндай жастарды қалыптастыруда біздің ауыл мектебі табанды еңбек етіп жатыр деп толық айта аламын, – дейді Салтанат Сейдуллаева.

Қазіргі таңда орта мектеп басшысының міндетін атқаратын ұлағатты ұстаздың да жалпы бұл салада қажырлы еңбек етіп жатқанына отыз жылға жуықтапты. Бастауыш пәнінің мұғалімі негізінен мұнда мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып еңбек етеді. Оның өз саласына жауапкершілікпен қарап, нәтижеге қадам жасайтыны көрініп-ақ тұр. Білім ұясының тізгінін уақытша қолына алғалы мұнда салада серпін қалыптасқанын өткен жылдар айтып тұр. Соңғы бес жылдың өзінде бұл білім ошағынан көптеген «Алтын белгі» мен «Үздік аттестат» иегері түлеген. Ал басқа да үлкен сайыстар, додалар, байқаулар мен жобаларда топ жарып жүрген шәкірттер өз алдына бөлек әңгіме. Бастысы бізді 30-дан астам ұлағатты ұстаздан құралған бұл ұжымның бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру жолындағы қажырлы еңбегі қуантып отыр.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

← 1

# ҮНДЕУ

## “Қарттарымызды қамқорлай жүрейік” айлық акциясына шақырамыз

**Құрметті қазақстандықтар!**

1 қазан – Халықаралық қарттар күні жақындап келеді. Бұл күні біздің аға буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қамқорлық көрсету – аға буынға көрсеткен парызымыздың аз ғана бөлігі. “Ардагерлер ұйымы” республикалық қоғамдық бірлестіктің бастамасымен жылдар бойы елімізде қазан айы “**Қарттарымызды қамқорлай жүрейік**” акциясына ұласып келеді. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе көлденең өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артуда.

Мемлекетіміз қарт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес. Дегенмен елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар бар.

Әлемді жайлаған экономикалық қиындықтар біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Бүкіл әлем күрделі әрі маңызды кезеңді бастан өткізуде.

Кейбір қариялар жасы ұлғайған шағында жылулық пен мейірімге зәру. Барлық қазақстандықты, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтауға, “Қарттарымызды қамқорлай жүрейік” айлық акциясына атсалысуға шақырамыз.

Өз елінің патриоты ретінде акцияға бейжай қарамайтын азаматтар жергілікті әкімдіктермен, өңірлік ардагерлер кеңестерімен байланысқа шығып, үлестеріңізді қосыңыздар.

**“Ардагерлер ұйымы” республикалық қоғамдық бірлестігі**

# Алғыс айтамын

Антына адал қызмет етіп жүрген ақхалатты абзал жандар ауданымызда көптеп саналады. Солардың қатарында аудандық емхананың көз дәрігері С.Тасқараеваның есімін ерекше құрметпен атауға болады. Сәуленің жылы сөзі де, мінезі де дертке шипа. Емделушілерді жылы қабылдап, қызмет көрсетеді. Абзал жанның адал қызметіне емделушілер дән риза.

Мен де біраз жылдан бері Сәуле Тасқараеваға қаралып, ем-дом қабылдап келемін. Дәрігердің ақыл-кеңесіне құлақ асқанымның арқасында қазір шүкір, жақсымын. Қаншама жанға жарық сыйлап, жан дүниесімен беріліп, қалтқысыз қызмет етіп жүрген Сәуле Тасқараеваға шексіз алғысымды білдіремін. Отбасына аманшылық, жақсылық, қызметіне абырой, береке-бірлік тілеймін.

**Әсел Өмірбаева, емделуші**

**Т.Төлегенов – 90 жыл**

**Қызылқұмды қақ жарып Аралға тірелетін «Жаңадария» арнасына 1960 жылдың бас кезінде «Қызылорда» плотинасынан жоғары жерден секундына 50 текше метр су жіберетін саға салынған болатын. Бұл Қызылқұмды игерудің басты шараларының бірі еді. Турасын айтқанда, Кеңес дәуірі кезінде бұл өңірді игеру жұмыстары кең көлемде жүргізілді. Бұл 1964 жыл болатын. Осы кезеңнен бастап Қызылқұм баурайына жаңа қоныстар салынып, жаңа шаруашылықтар құрылып, елсіз далада елді мекендер өмірге келе бастады. Соның куәсіндей аз ғана уақыттың ішінде Жаңадария, Іңкәрдария, Қуаңдария, Аққыр, Жаңақала сияқты ірі-ірі қой совхоздары ұйымдастырылып, жазық дала жаңғырып, жасарып, гүлденіп, күннен-күнге құшақ жая түсті.**

**Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,**
**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі**

# Қызылқұмды түлеткен

Ақын тілімен айтқанда:
«Бөріткен гүлдің бүрмесің,
Екпіндеп соққан жел ашар.
Жан баспаған даланы,
Еңбегімен ел ашар» дегендей, қызылдың тынысы кеңіп, құмға құрық салған шопандар мен мал шаруашылығы мамандары кең алқапты еңбек әуеніне бөледі. Скважиналар қазылып, 300 метр тереңдіктен бұлақ суындай тұщы су атқылай бастады. Каналдар қазылып, ауылдарға аяқ су жеткізілді. Қу мекен далада, жапырақтар жайқалып, жаңа үйлер салынып, көшелер бой түзеді. «Құмның құты – су» демекші, су молшылығы жасалған сайын құм да түлей бастады. Бір сөзбен айтқанда, Қызылқұмға шабуыл дегеніміз Кеңес дәуірі кезіндегі елсіз жерден ел қоныстанатын ауылдар салып, совхоздар ашып, мал шаруашылығын, оның ішінде қой шаруашылығын дамытуға бағытталған стратегиялық, яғни мемлекеттік маңызы бар аса зор, сол кездің тілімен айтқанда, өте ауқымды, келешегі зор, үлкен жоспарлы жұмыс болатын. Солай болды да.

Иә, тарихта бұрын-соңды болмаған әрбір ұлы істің жеңіске жетер жолы әрқашанда қиындыққа түседі. Адамзаттың XX ғасырдағы ең ұлы ерліктерінің бірі миллиондаған гектар тың жерлерді игеріп, халық игілігіне тұтыну да оп-оңай жүзеге аса қоймаған еді. Сол сияқты Қызылқұмды игеру, қой шаруашылығын өркендету жұмысы да асқан ерлікпен іске асырылды. Сондықтан сол жұмысқа қатысқан біздің алдыңғы буын ағаларымыз өздерінің күнделікті қажырлы еңбектері арқылы, барлық қиыншылықтарға, әсіресе ауа райының құбылмалығына және қаталдығына қарамастан бұл құмды өлкені мал шаруашылығынан мол өнім алатын өлкеге айналдыруға жол ашты.

Жаңадан салынған совхоз орталықтарына, атқарылып жатқан жұмысты көруге, халықпен кездесуге топ-топ болып Алматы қаласынан ақын-жазушылар келе бастады. Өзгерген өлкені көрген олар өздерінің өлең-жырларын арнады. Соның бір мысалы, 1965 жылдың шілде айында ауданға келген бір топ ақын-жазушылардың ішінен жерлесіміз, белгілі ақын Әбдікерім Ахметов Қызылқұмдағы совхоздарда болғанында «Қызылқұм» атты өлең шығарған еді. Ондағы:

Қызылқұм-ау, қызуың бар, шілдең шіли маздаған,
Қиының бар, қызығың бар әлі ақындар жазбаған.
Қызылқұм-ау, қыз-ұлың бар жарыста жан озбаған,
Құдіретің бар, құзырың бар суретшілер сызбаған, – деген жолдарда ақын жүрегін тебіреніске түсірген Қызылқұмнан керемет көрініс, тылсым табиғаты, тұмса тіршілігі поэзияға қанат бітіргендей.

Қызылқұм өңіріндегі жаңадан құрылған шаруашылық ауданда екеу болса, соның сыңары Жаңадария совхозы болатын. Жаңадан құрылған бұл совхозды 1965-1970 жылдары ауыл шаруашылығының білікті маманы Жүсіп Бисариев басқарды.

Совхоз партия комитетінің хатшысы болып Жұмаш Қойшығұлов, кәсіподақ комитетінің төрағасы болып Шамшат Әбдрахманов, бас зоотехник болып Тынарбай Төлегенов, бас маман болып Ибаш Жанашев, Олжабай Көшекбаев, Қойшыбай Райымбеков, Өмірбай Күзеков, Қуаныш Құлғазиев сынды азаматтар қызмет атқарды.

1967 жылы Жалағаш ауданындағы Қазақстанның XX жылдығы, Еңбек, Аққұм, Мәдениет, Ақарық шаруашылықтарындағы түйе, жылқы, қой малдары жаңадан құрылған Жаңадария совхозына берілді. Совхоздың сол кездегі ферма меңгерушілері болып Байжігіт Әбдіхалықов, Сәден Ағатаев, Жалғасбай Сағымбаев, Омық Бұйраев, Дауылбай Сыздықов сынды мамандар қызмет атқарды. Осы жылдар ішінде №1 ферма орталығы болып «Бестам», №2 ферма орталығы болып «Тасшоқы», №3 ферма орталығы болып «Аққолқа» елді мекендері салынды.

Сонымен «Қызылқұмды» игеру жұмыстары ауданда Жаңадария және Аққыр совхоздарын ұйымдастырудан бастау алған еді. Ендігі әңгімеміз Аққыр совхозы жайлы болмақ.

Жалпы Аққыр совхозы СССР Министрлер Советімен КПСС Орталық комитетінің «шөл және шөлейт аймақтарды игеру» жөніндегі 1964 жылғы қабылданған біріккен қаулысының негізінде құрылған қой шаруашылығы болатын. Совхоздың алғашқы, яғни бірінші басқарған директоры болып, сол кездегі Қармақшы өндіріс басқармасы бастығының мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Камал Бердәулетов тағайындалған еді.

Содан кейін жұмыс совхоздың орталығы болатын жерді белгілеуден басталды. Бұл жөнінде сол кезде арнайы облыстық комиссия құрылып, оның төрағасы болып облыстық Советі атқару комитетінің төрағасы Әбен Асқаров бекітілген болатын. Комиссияның жетекшілігі бойынша совхоздың орталығы болып «Борықтыбас» табаны белгіленді. Міне, сол сәттен бастап, осы күнгі Аққыр совхозының құрылысы салына бастады.

Қандай болсын істің шешілуі, кадрға байланысты. Осыған орай совхоздың алғашқы басқарушы аппарат құрамы аудан көлемінде бұрын жауапты қызмет атқарған азаматтардан жасақталуына аудандық партия комитеті айрықша мән берді. «Сонда олар кім еді?» дейсіз ғой.

Олар: директордың орынбасары әрі бастауыш партия ұйымының хатшысы Сансызбай Құлмаханов, кәсіподақ ұйымының төрағасы Ибрагим Маштаев, бас инженер Орынбай Сарманов, бас бухгалтер Қорғанбек Алмасов, бас экономист Жәдігер Шоныков, аға прораб Мәдібай Байтереев еді.

Совхозда алғашқы жылдардан бастап 35 мыңдай қой, 100-дей ірі қара, 200-дей жылқы, 90-дай түйе болды. Алғашқы күннен бастап шаруашылықтың барлық саласы қызу қарқынмен жүргізілді. Әсіресе құрылыс саласына ерекше көңіл бөлінді. Соның арқасында құрылыс жұмысы тез қарқын алып, тұрғын үйлер бой көтеріп, айдалада аққудай болып, көшелер бой түзей бастады. Еңбек етемін, қой шаруашылығын өркендетуге өз үлесімді қосамын деушілерде табылып, бірінен соң бірі келіп жатты.

Совхоздың құрылыс жұмысына, оның ішінде тұрғын үймен өндірістік обьектілерді салуға жергілікті құрылысшылармен қатар Қызылорда педагогикалық институтының студенттер отряды да өз үлестерін қосты. Әсіресе «Кишинев» мединститутының құрылыс салумен айналысатын студенттер отряды, сегіз жыл қатарынан тұрақты жұмыс істеп, мал қораларын салуда үлкен белсенділік көрсетті. Сол сияқты олар салған тұрғын үй орналасқан көшеге солардың құрметі үшін «Дойна» деп ат қойылды. Бұл молдаванша достық дегенді білдіреді.

Осындай құрылыс саласында атқарылған жұмыстар жоғары партия, Совет органдары тарапынан кезінде өзінің оң бағасын алды да. Мысалы, «Ұлы Октябрь» революциясының 50 жылдық құрметіне совхоз ұжымы КПСС Орталық комитетінің, СССР Жоғарғы Советі, ВСЦПС пен ВЛКСМ Орталық Комитетінің Ескерткіш Қызыл туымен наградталды.

Совхоз директоры Камал Бердәулетовке «Еңбек Қызыл Ту» ордені берілді. Бір топ еңбек озаттары орден-медальдармен наградталды. Солардың ішінде жоғары көрсеткіштерге қолы жеткені үшін шопандар Майтан Ахметов пен Көшер Жақсымов ең жоғары награда «Ленин» орденін алса, «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» ордендерімен майталман шопандар Балағали Кәрібаев, Базарбай Аймұратовтар марапатталса, Тынышкүл Қанатшаева, Жаханша Аймаханов, Балқожа Майтанов және басқа озаттар мемлекеттік наградалар алды.

Міне, осы тұста «Мәдениет және Тұрмыс» журналы өзінің бір номерін аққырлықтарға арнады. Совхоз директоры Камал Бердаулетов облыстық ауыл шаруашылық басқарма бастығының орынбасарлығына жоғарылады.

Содан соң бұл совхозда совхоз директоры болып 1976 жылдың ақпан айына дейін Қаппар Ысқақов жолдас қызмет атқарды. Ол өзінің мамандығы бойынша басқа жұмысқа ауысқаннан кейін, аудандық партия комитетінің алдында совхозға жаңа директор тағайындау мәселесі тұрды. Бұл мәселені айтпастан бұрын, кішкене іркіліс жасап барып, баяндауды жөн көріп отырмыз.

Бірінші басшы болу көп адамның маңдайына жазыла бермеген. Бірінші дегеннің өзі бір адамнан басталады. Содан кейінгілер соңыра алғашқыдан озып жатса да, тұңғыштың аты – тұңғыш, біріншінің аты – бірінші. Ол – арна салған ағынның басы. Өзгелер соны нысана тұтады, сондай дәрежеде болған ауанның бірінші хатшысы Қонысбек Төрешұлы Қазантаев. 1976 жылы ақпан айының бірінші онкүндігінде кеңсеге барлық бюро мүшелерін кезектен тыс бюро мәжілісін өткізу үшін жинады.

Олар аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Сәмит Далдабаев, идеология жөніндегі хатшысы Нәзтай Сермаханова, еңбекшілер депутаттары, аудандық советі атқару комитетінің төрағасы Сейтнәби Мұқашев, атқару комитеті төрағасының орынбасары Мәді Әбдіраманов, аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы Сәду Шадаев, аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы Ойшы Ысқақов, аудандық партия комитетінің жалпы бөлім меңгерушісі Мәжит Сағидатов, үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Төлеш Есқазиев және ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі мен де бармын.

Хатшы күн тәртібіне Аққыр совхозына директор тағайындау мәселесін қарағалы отырғанын хабарлады. Бұған дейін де бұл мәселе төңірегінде бюро мүшелерінің әрқайсымен жеке-жеке сөйлесіп, тапсырма бергенін білдірді. Сондай-ақ кадрды іріктеуде туған-туысқандыққа салынбауға, шаруашылықты білетін, ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігі жағынан көзге түсіп жүрген, саяси сауатты азаматтардан іріктеуге баса назар аударды. Асықпай, әр сөзін шегелей сөйледі. Осынау баяу үнде қаншалықты зіл мен жауапкершіліктің жатқанын бюро мүшелері үнсіз ұқты. Хатшының сөзінен кейін кеңсе ішін біршама уақыт үнсіздік биледі. Тағы да үнсіздікті, хатшының өзі бұзды.

– Жолдастар, Сіздерді мен өз ойларын, бүркемелемей ашық айтсын, мәселені ойласып шешейік деп жинап отырмын. Өйткені Аққыр совхозы жеңіл-желпі шаруашылық емес. Өз қиыншылығы өзіне жететін шаруашылық. Ендеше оған жіберетін кадрдан қателеспеуіміз керек, – деді.

Сонда да ешкім батылдық жасамай, тыныштық қайтадан орнады. Мұны көріп отырған Қонекең:

– Жолдас Ысқақов, сен ғой, аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығысың, совхоздар ғой сенің қамтуында, сенен бастайықшы, – деді.

Сонымен күн тәртібіндегі ұсынылып отырылған мәселе бойынша бірінші болып сөз алған аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы Ойшы Ысқақов жолдас өз сөзін былай бастады:

– Өзі еңбек ететін Жаңадария совхозында, межелі асуларды алуды іске асыруда, өзінің үлесін қосып жүрген, ауыл шаруашылығының, оның ішінде қой шаруашылығын алға бастыруда өзінің ұйымдастырушылық қабілетін, іскерлігін танытып жүрген, шопандар мен малшылар арасында өзінің қарапайымдылығы мен үлкен беделге ие болып жүрген маман, Жаңадария совхозының бас зоотехнигі Тынарбай Төлегенов жолдас дер едім. Ендеше осы азаматқа сенім артса, совхоз директорлығын алып жүре алады, – деп өз ұсынысын білдірді.

Мұнан кейін аудандық Совет атқару комитеті төрағасының орынбасары Мәді Әбдраманов:

– Шын мәнінде өзіне тапсырылған жұмыста табандылық пен іскерлікті, өз қарауындағылардан мәндай терді тамшылата жұмыс істеуді талап ететін, өз ісіне адал да, беріле жұмыс істейтін кадр, – деп қолдай сөйледі.

– Тынарбай Төлегенов – өзі еңбек ететін совхозда халықтық бақылау тобының жетекшісі. Ол – топта он бестен астам мүшесі бар, жұмыстың ауыр бөлігінде жүрсе де мұндай қоғамдық жұмысқа уақыт тауып, әркез белсенділік көрсетіп келе жатқан активтің бірі. Басшылық жұмысты алып жүруге толық мүмкіндігі бар азамат, – деді аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы Сәду Шадаев.

– Қой совхозына директор болу үшін білім де керек, ұйымдастырушылық қасиет те керек, шаруашылықты екжей-тегжей білу де керек, жер шалғайын жете меңгере де білу керек, бір сөзбен айтқанда, жан-жақты бола білу керек, бұл жайлы маған дейін сөйлеген бюро мүшелері айтты да, оның барлығына мен де қосыламын. Десе де осы жоғарыда айтқандарға қой совхозына директор болу үшін үлкен денсаулығы бар адам керек. Өйткені қой шаруашылығында жыл он екі айда өзіміз көріп жүргендей, бір тыныс алу деген болмайды. Бір шаруасы бітіп жатса, екіншісі шығып жатады. Ал директор болса, әркез соған дайын болуы керек. Ол үшін тағы да қайталап айтуға тура келеді. Денсаулығы мықты кадр ғана бұл совхозды өрге сүйрейді. Сондай кадр – шын мәнінде Тынарбай Төлегенов, – деп сөзін аяқтады аудандық Совет атқару комитетінің төрағасы Сейтнәби Мұқашев.

Сонан соң бұл ұсынысқа қалған бюро мүшелері қосылып, бір тоқтамға келді. Ол тоқтам – Аққыр совхозына директорлыққа Жаңадария совхозының бас зоотехнигі Тынарбай Төлегеновтың кандидатурасын Облыстық партия комитетіне ұсыну, солай жасалды да. Көп ұзамай Тынарбай Төлегенов Аққыр совхозына директор болды. Бұл 1976 жылдың 30 қаңтары болатын. Директорды отырғызу жиналысына аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қонысбек Төрешұлы Қазантаевтың өзі қатысып, оған аудандық партия комитетінің бюросы мен аудандық совет атқару комитетінің атынан үлкен сенім білдіріп отырғанын жиналған көпшілікке арнайы айтып, жаңа қызметте табыс биігінен көрінуіне тілек білдірді.

Бірінші хатшының сөзінен кейін «Еңбек Қызыл Ту» орденді шопан Балағали Кәрібаев, ауылдық Советі атқару Комитетінің төрағасы Байсейт Тәйімбетов, совхоз партия комитетінің хатшысы Көптілеу Тоқсанов жолдастар шығып сөйлеп, жаңа директорды жаңа қызметімен құттықтады.

Сонымен Тынарбай Төлегенов Аққыр совхозына директор болып тағайындалды. Бұл жұмыс оған оңай тиген жоқ. Еңбек тәртібі, ұйымшылдық, бірлік мәселелері әлі де жеткілікті дәрежеде емес еді. Сондықтан совхоздың барлық шаруашылық тағдыры тұтас өз мойнына жүктелген соң, жұмысты қалай ұйымдастырса істің алға басатыны оны қатты толғандырды. Фермаларды аралап, шопандармен, малшылармен, механизаторлармен, басқа да еңбеккерлермен кездесіп әңгімелесуден көп жәйтті көкейіне түйді. Байқап қараса, біреулер совхоз жұмысын шын ниетімей беріле істесе, екінші біреулер көлгірсіп, тақастыққа салынуды талқармау етеді екен. Адамның ішіне кіріп-шығыпты? Сөйлегенде аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтіндер де бар екен. Солардың барлығының тілдерін тауып, күштерін ұйымдастырып, ұлы ынтымақпен совхоз өндірісінің алдында тұрған міндеттерді орындауға жұмылдыру үшін қажырлы еңбек қажет болды.

Шаруашылықта ойыңды мазалап, жаныңды жейтін мәселелердің аз емес екенін директор алғашқы күндерден бастап сезген болатын. Өйткені өз басында міні жоқ адам кемде-кем. Қарап тұрса, күнде аралап, күнде кездесіп жүрген адамдарын сырттай ғана білетін секілді. Жұмысқа себепсіз шықпау, маскүнемдікке салыну, ұсақ-түйек ұрлық секілді баршаға бадырайып көрінген тәртіпсіздік азайғанымен нақты тапсырмалардың қай жерде салғырт орындалуы, жұмысқа жеңіл-желпі қарау, кей істе солқылдақтық көрсету әлі де бар. Бұлардың барлығына тосқауыл жасау жеңіл шаруа емес. Міне, бұл бағытта да ақылмен асықпай, аптықпай, қызуқандылыққа салынбай жұмыс жүргізу керек болды. Ол мақсат та орындалады. Көптің тілін табу оңай деймісіз. Өмірде кейде бір отбасын басқару да қиын болып жатады.

Ұжымның табысқа қолы жетуі, оны уақыт талабына сай қалыптастыра алуына байланысты. Әйтпесе ұжымның аты – ұжым, онда түрлі мінезді адамдар да болады. Көбі бұрыннан еңбек етіп келе жатқандар болса, енді бірі бір жыл ғана еңбек етіп, оқуға аттанып бара жатқан жастар. Кейін келіп қосылып жатқандардың да мінездері жіптіктей еді дей алмайсың. Осының бәрі өз әлінше проблема. Осылар дұрыс шешілгенде ғана жұмыс дұрыс арнаға түседі. Осы айтылғандардың бәрі кейін өз арнасына түсті.

Тәкеңнің совхоз басқарған кезеңі Кеңес дәуірі кезеңіндегі оныншы және он бірінші бес жылдықпен тұспа-тұс келді. Совхоз директоры Тынарбай Төлегенов өзі жұмыс атқарған он жыл ішінде сол кездегі уақыттың тілімен айтқанда, қызметке жіберген аудандық партия комитетінің сенімін ақтады деуге болады. Сәзіміз дәлелді болу үшін ол совхоз басқарған оныншы және он бірінші бес жылдықтағы совхоздың қол жеткен табыстарын сандармен сөйлетуді жөн көріп отырмыз. Оқырман қауымға түсінікті болу үшін онышы бес жылдық дегеніміз 1976-1980 жылдар аралығы болса, он бірінші бес жылдық дегеніміз 1981-1986 жылдар аралығы. Бұл жылдары совхоз шаруашылығының барлық көрсеткіштерін артығымен орындап, облыстағы алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың қатарында болды.

Ол шаруашылықты басқарған кезде совхоз қаржысы есебінен қосқабатты мектеп, мәдениет үйі, учаскелік аурухана, машина-трактор шеберханасы салынып, аяқ су мен ауыз су мәселесі шешіліп, көшелерге ағаш егіліп, асфальт төселді. Олардың игілігін халық әліге дейін көріп отыр.

Өмір өлшемі – биіктік. Кешегі шыққан биік бүгін аласа. Адам өмір бойы көтеріле бергісі келеді. Ал оның баспалдағы қажырлы еңбек. Көп еңбегі көлдей толқып, мұнара болып көтеріледі, айнадай жолдар болып төселеді. Еңбек қашанда өзінді қанаттандырып, биік асуларға шақырады. Әрбір адамның еңбегі ел мерейін көтереді. Еңбекті осы тұрғыда бағалаған ұжымда әрқашан бірлік, ұйымшылдық, топтасқандық, табыс болады. Сондықтан еңбек – бақыт, еңбек – шаттық, еңбек – мәртебе, еңбек – береке десек, оған қосылмайтын пенде болмаса керек-ті.

Жауапкершіліктің өзі үміт күттіретін, жүк көтеретін, еңбектің қадір-қасиетін білетін адамның ғана үлесіне тимек. Олай болса, Тынарбай Төлегенов те сондай азаматтың бірі еді.

Тынарбай аға мен Бердіқұл жеңгейдің балалары бүгінде әке өмірін абыроймен жалғастыруда. Атап айтатын болсақ, Асылбегі кәсіпкер, Алмагүл құрылыс инженері, Мейрамкүл ұстаз, Бақытқүл мемлекеттік қызметкер, Жақыпбек кәсіпкер, Сақыпжамал құрылыс инженері, Ақылбек теміржол инженері, Сламбек заңгер, Нұржамал технолог инженер, Айжамалы дәрігер болып, тәуелсіз мемлекеттің дамуы жолында әр салада қажырлы еңбек етуде. Хош, сонымен жазбамды Тынарбай ағаның «Мал бақса өседі» деген аталы сөзімен аяқтауды жөн санадым.

# ӨТЕМАҚЫ ҚОРЫ:
## қандай жағдайда қанша теңге беріледі?

**Елімізде «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» Заң бойынша зорлық-зомбылық қылмыстарының құрбандарына, қылмыскердің әрекетінен зардап шеккен адамдарға өтемақы төлеу қарастырылған. Қордағы түсімнің негізгі көзі – соттың айыптау үкімі шыққан кінәлі тұлғалардан өндірілген қаражаттан құралады.**

Ата Заңда және халықаралық құқық нормаларында адам, оның құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық екені белгілі. Осыған орай бұл заңнама талаптары қашанда орындалуға тиіс. Мәселен, жәбірленушілерге қылмыспен келтірілген залалды өтеу бойынша олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау назардан тыс қалмауы керек. Міне, осы бағытта қылмыстық істер бойынша жәбірленушілердің құқықтарын қорғау мен оларға қылмыспен келтірілген залалды өтеу үшін «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» заң қолданысқа енген болатын.

Аталған заңның негізгі мақсаты – жәбірленушілерді қорғаудың құқықтық тетігін қалыптастыру, жәбірленушілерге немесе олардың өкілдеріне біржолғы белгіленген ақшалай соманы төлеу түрінде материалдық көмек көрсету. Онда алғаш рет «мәжбүрлеп төлетудің» «өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы» ретіндегі «құқықтық табиғатына» заңнамалық айқындама беріліп, қылмыстық және қылмыстық-процестік кодекстерге тиісті түзетулер енгізілді. Бұл нормаларды қабылдау жәбірленушілер құқықтары мен олардың заңды мүдделерінің қорғалуын нығайтуға және нәтижесінде халықтың қылмыстық құдалау органдарына және сотқа деген сенімінің артуына ықпал етіп отыр.

Нақтырақ айтсақ, «Жәбірленушілерге өтемақы қоры» заңы елімізде қылмыстардан материалдық зардап шеккен, алайда қылмыстың ашылмауы немесе қылмыскердің соттан жасырынуы себепті өтемақыны өндіріп алуға мүмкіндігі жоқ адамдарға шұғыл қажетті көмек көрсетуге арналған. Өтемақы негізінен сексуалдық зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстар бойынша жәбірленушілер болып табылатын кәмелетке толмағандарға, адам саудасымен және азаптаулармен байланысты қылмыстар бойынша жәбірленушілер деп танылған адамдарға, қылмыстардың нәтижесінде денсаулығына ауыр зиян келтірілген не адамның иммун тапшылығы вирусын АИТВ/ЖИТС жұқтырған адамдарға, «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» заңның 6-бабында көзделген Қылмыстық кодекстің баптары бойынша жәбірленуші қайтыс болған жағдайда жәбірленуші құқықтары берілген адамдарға тағайындалады.

Өтемақы тағайындау туралы өтініш беру мерзімі адамды жәбірленуші деп тану туралы қаулы шығарылған күннен бастап 3 жылды құрайды. Осылайша әрбір жәбірленуші қордан төлем алуға құқылы. Бұл үшін жәбірленуші не жәбірленуші құқықтары берілген адам тергеушіге жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелерін не жәбірленушінің жеке басын және құқықтары берілген адамның өтемақы алу құқығын растайтын құжаттарды, банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді, адамды жәбірленуші деп тану туралы қаулының көшірмесін, жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, сондай-ақ жәбірленушінің құқықтары берілген адамның жеке басын куәландыратын келтірілген зиянның сипаты мен ауырлық дәрежесін растайтын құжаттың, қайтыс болған жағдайда оның қайтыс болғаны туралы куәліктің немесе жәбірленушінің қайтыс болғанын растайтын өзге де құжаттың көшірмелері қоса беріледі.

Өтемақы – Қылмыстық-процестік кодекске сәйкес жәбірленуші деп танылған адамға осы заңда белгіленген тәртіппен берілетін біржолғы ақша төлемі. Сот айыптау үкімін шығарған кезде кінәлі адамдардан қорға Қылмыстық кодекстің 98-1 және 98-2-баптарының негізінде мәжбүрлі төлем өндіріп алынады. Қылмыстық құқық бұзушылықты топ болып жасаған жағдайда мәжбүрлі төлем әрбір кінәлі адамнан жеке өндіріледі. Кінәлі адамға қатысты айыптау үкімі қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша шығарылған жағдайда, одан неғұрлым ауыр қылмыстық құқық бұзушылық санатына сәйкес келетін мәжбүрлі төлем өндіріп алынады.

Жәбірленушілерге арналған өтемақы қорындағы қаржы мемлекеттік бюджетке алып қоюға жатпайды. Мәжбүрлі төлем – соттың айыптау үкімі бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның белгілі бір соманы жәбірленушіге төлеу жөніндегі міндеті. Жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамнан осы кодекстің 98-2-бабында белгіленген тіркелген ақшалай сома түріндегі мәжбүрлі төлемді сот жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамада көзделген тәртіппен өндіріп алады.

Тағы бір айтарым, халықаралық құқық қолдану тәжірибесі көрсетіп отырғандай, жәбірленушілерге өтемақыны төлеу қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлық баптары бойынша жүзеге асырылмайды. Сондықтан «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» заңда Қылмыстық кодекстің 124 қылмыс құрамы бойынша жоғарыда атап өткендей, жәбірленушілердің үш санатына төлемақы төлеу көзделген. Заңда жәбірленушілерге өтемақы тағайындау мен төлеудің тәртібі және мерзімдері де айқындалған. Бұл ретте қылмыстық құдалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жәбірленушіге өтемақы алу құқығын түсіндіреді және оның өтінішін тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қарайды. Заңда белгіленген мөлшерде өтемақы тағайындап, оларды және алушылардың тізімін жасайды, оны қазынашылыққа береді. Қазынашылық өтемақыны күнтізбелік он күннен кешіктірмей оны алушылардың банктік шотына аударады.

Бұл заң нормалары біздің елімізде ғана емес, көптеген шет елдерде қолданылады. Оларда да біздердегідей жәбірленушілердің залалды өтеуге құқығы мен мүдделерін қорғауға кепілдік беретін заңды тетіктер баршылық. Мәселен, осыған ұқсас қорлар бірқатар Еуропа елдері мен АҚШ-тың 22 штатында және Әзербайжан мен Эстонияда, тағы сол сияқты өркениетті, зайырлы мемлекеттерде жұмыс істейді. Міне, жоғарыда айтылған заңдарды әзірлеу кезінде халықаралық тәжірибе, сондай-ақ осы саладағы біздің құқықтанушы ғалымдарымыздың ұсыныстары зерттеліп пайдаланылды. Бұл орайда қоғамның қылмыстық процестен күтетіні – жәбірленушінің құқықтарын қорғау мен қалпына келтірілуі. Осы тұрғыдан алып қарасақ та еліміздегі «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» заң қылмыстық құқық бұзушылықтардан зардап шеккен адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді тетігі болып табылады.

**С.АМАНТАЕВ,**
**Жалашаш аудандық сотының судьясы**

Дәстүр

# Ұлттық тәрбиенің алтын бастауы

**Жалпы қазақ – қонақжайлықтан алдына жан салмайтын жомарт, көпшіл халық. Баяғы тұрмыс тапшылығы, елдегі болған ауыртпалыққа қарамай, халқымыз өзі жемесе де, жалғыз малын көлденең көк аттыға болса да сойып, сыбағасын тартып отырған, салтынан жаңылмаған өте ұлы ел болған. Көшпенділікте өмір кешкенмен қазаны оттан түспеген ата-бабаларымыз ұрпақтарын да сол қасиетке үйретіп, қонақ келсе амандасып, қолына құманмен су құйып, тіпті аттан түсіріп, ілтипатпен қарсы алып, қонақасы мен кәделі сыйын тарту еткен. Үлкендердің өмір жолын көріп өскен балалар да көпшіл, қонақжай болып өсетіні белгілі.**

Қазір де балаларына қонақ күтудің мән-жайын үйретіп отыратын жандар баршылық. Сондай насихатты ұғынған бала, әсіресе ер бала өзін сол үйдің егесі, әкесінен кейінгі бас көтерер азаматы ретінде сезіне бастайды. Біздің әкелеріміз бізге үнемі келетін қонақтың өз несібесімен келетінін, оны жадырап, қабағыңды ашып қарсы алу керектігін айтып жүруші еді. Сол тәрбиені көрген ағаларымыз қонақтың алдынан шығып, оның киімін шешуге көмектесіп, қолдарына су құйып, оларға «төрлетіңіздер, үйге кіріңіздер» деп ілтипат көрсететін.

Қонақ көрінгеннен әкеміз «балам қонақтарға көрпеше төсе, жастық әкел, сусын бер» деп үйдегі барды құдайы қонаққа әкелдіруші еді. Сол кезде біз мұның мәнін түсінуге жас екенбіз. Қазір ойлап отырсам, соның бәрі ұлттық тәрбиенің алтын бастауы екен. Сонда ұлттық тәрбие отбасынан басталады екен. Бұл ұсақ-түйек болып көрінгенмен оның астарында ұлтымыздың даралығы, даналығы, жомарттығы, ақ пейілділігі, көрегенділігі, көсемдігі жатыр.

Баланы ерте жастан елге қызмет етуге баулысақ, ең кереметі үлкендердің тілек-батасын алуға жол ашса, перзентіңіз барынша кішіпейіл, қарапайым болмысты болып, айналасындағылармен сыпайы, биязы қарым-қатынас орнатуға тырысады.

Оның үстіне қонақ күту деген – шариғатта да, қазақылықта да ерекше сауапты амал. Қазақ «қонақ құтымен келеді», «қонақ он береке әкеліп, тоғызын сол үйге қалдырып кетеді» деп бекер айтпаған. Қонағына құрмет көрсете алатын адам Алланың разылығына, сыйына бөленеді.

Біздің халқымыздың пейілінің дархандығы, жат, жақын деп айырмайтын қонақжайлық қасиеті мен озық дәстүрлері қашанда шетелдік саяхатшылар мен ғалымдарды таң қалдырып отырған. Бұл туралы жазба деректер де көптеп кездеседі.

Байырғы қазақ қоғамында әкенің балаға қалдыратын мұрасының белгілі бір бөлігі қонаққа тиесілі енші деп бөлінеді екен. Мұндай жомарттық басқа халықтарда өте аз кездеседі. Қазақ сахарасындағы кез келген жолаушының кезіккен ауылдан тамақтанып, тынығып алуына, қонып жатуына, құдайы қонақ болуына ешқандай кедергі болмаған. Әрбір үй иесі оны мейілінше сән-салтанатымен, дархан пейілімен қарсы алып, ақ бата ақ тілеумен шығарып салу өмірлік ұстаным деп есептеген.

Қазақ халқында кең таралған қонақ кәде дәстүрінің орны айырықша. Әр үйде қонаққа арналған сый-сыяпат алдын ала дайын тұратын. Бұл үрдіс қазірге дейін сақталған. Қонақтың сыбағасы әрқашан дайын тұрады. Қонақ күту қазақтың заңына айналған. Бұрынғы кезде егер қонаққа лайықты құрмет көрсетілмесе, халық биі үй иесіне айып салатын болған. Кейде тіпті жеті кесік төлеткен. Болмаса, ат, шапан айып бергізген.

Қонақжайлыққа қатысты қазақ ұлтында әдет-ғұрыптардың ең ұлықтысы – дәм ауыз тию. Қазақтар үйіне бас сұққан кез келген адамды дәмнен ауыз тигізіп жіберуге тырысқан. Қазір де солай екені даусыз. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» еңбегінде де мынадай сөздер кездеседі. «Қымыз әкел, ас ауыз тигіз мыналарға!» деген.

Дәм ауыз тиюді дәстүр де, ырым да деуге болады. Себебі алыс сапарға, емделуге шыққан адам ауылдың үлкен үйінен дәм татып аттанатын ырым бар. Бұл сол «Қара шаңырақтың киесі қолдасын!» деген сенімнен шыққан.

Әсіресе азанғы астан дастарқан басына келген адам ауыз тиюі қазақы қағида. «Таңғы асты тастама, кешкі асты бақпа» деген де мақал-мәтел бар емес пе? Мұның барлығы қонаққа деген, асқа деген ерекше ықылас пен құрметті білдіреді.

**Г.ҚОЖАХМЕТОВА**

# Қырларда қызғалдақтар дірілдеген

**Гүл жайлы, әсіресе қызғалдақ гүлі жайлы аңыздар көптеп кездеседі. Ал әр аңыздың артында бір ақиқат жасырынып тұратыны шындық. Аңызға сүйенсек, бағзы заманда сонау Голландия елінен қазақ даласына сапарлап, бір жиһанкез келіпті. Ол ұлан-байтақ жеріміздің кеңдігіне көз салып, тұмса табиғатына тамсанып келе жатқан жерінен қызылды-жасылды қызғалдақтарға кез болған. Көрген көздің жауын аларлық бұл сұлулыққа ерекше тамсанған шетелдік саяхатшы жанындағы жергілікті адамға қызғалдақты өзіне сатуын сұрапты. Оған жанындағы жол көрсетер серігі қонақтың меселін қайтармай, қолына бір түп қызғалдақ пен сарғалдақты ұстатқан екен.**

Содан бері қызғалдақ Голландия мен Нидерланды елдеріне кеңінен таралып, өсіруді қолға алған. Бұл мемлекеттердің бүкіл дүние жүзіне мәдени қызғалдақ сұрыптарын экспорттаумен даңқы шықты. Сауда-саттық дамыған тұста, Ұлы Жібек жолы арқылы саудагерлер Орта Азия мен қазақ жерінен қызғалдақтың тұқымдарын алдымен Түркияға жеткізген. Одан кейін Германия, Ұлыбритания, Голландия елдеріне таралып кеткен деседі. Бүгінде голландық сұрыптаушылар қызғалдақтың жүздеген түрін шығарып, бүкіл әлемде гүл саудасын дамытты. Сондықтан, бұл елдердегі қызғалдақтың мәдени сұрыптарының негізгі Отаны – Қазақстан жерінде өсетін далалық түрі болып табылады.

Егеменді ел болып, еркіндік алғанына ширек ғасырдан астам уақыт өткен Қазақ елі бүгінгі таңда өзінің түпкі тарихына тереңдеп бойлай бастады. “Тарих – ел тағдыры” деп қарайтын болсақ, келешек ұрпағының бақыты үшін күрескен ата-бабамызды танып, туған өлкеміздің қасиетін түсініп, сан ғасырлық шежіреге толы мәдени мұрамызбен қатар атамекенді аялап өту – ұрпақ парызы. «Қазақстан – Алма мен Қызғалдақтың Отаны» деп қызғалдақтың шығуын тарихтан білеміз. Онда «Асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны» екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. «Қарапайым, бірақ бүкіл әлем үшін өзіндік мән-маңызы зор бұл өсімдіктер осы жерде бүр жарып, жер жүзіне таралған» делінеді.

Қызғалдақ Тянь-Шань тауларының етегі мен шөлейт даланың түйісер тұсында пайда болған. Көз тартарлық алуан гүлдің түрлері Қазақстанның барлық аймағында өседі. Тау беткейі мен орман белдеуінде тіптен көп. Дегенмен соның ішінде еліміздің Оңтүстік бөлігінде кең таралған. Қызғалдақ гүлі қазақ халқының түсінігінде – көктемнің, жаңа өмірдің, көрікті тіршіліктің жаршысы болып есептеледі.

Жер шарының түкпір-түкпірінде өсетін үлбіреген нәзік гүлге сүйсіне қарағанмен, оның шығу тарихына, табиғатына, өзге де қасиеттеріне жете мән бермейміз. Қызғалдақ гүлі жайында жергілікті ғалымдардың айтуынша, лалагүлдер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін пиязшықты өсімдіктің даламызда 34 түрі бар. Қызғалдақтың өте сирек кездесетін Альберт, Борщов, Грейг, Кауфман, Шренк секілді түрлері қорғауға алынып, Қызыл кітапқа енгізілген. Ал бүкіл жер шарында гүлдің 3 мыңнан астам түрі анықталған. Олардың бәрі түптеп келгенде, елімізде өсетін дала қызғалдағының сұрыптары болып табылады. Қызғалдақтың тамырлары отырғызғаннан кейін он-он бес күнде шығады. Тау етегінде, сазды және қиыршықты тасты жерлерде басымырақ. Ал көп шоғырланған ортасы Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Алматы, Талдықорған облысы болып табылады екен.

Ғалымдар елімізде қызғалдақ гүлін коммерциялық мақсатта қолдану кемшін түсіп тұрғанын айтады. Бұл мақсатта Түркістан, Алматы, Жамбыл облыстарында өсіріледі. Бірақ кең көлемде таралмаған. Әзірге біздің елде тек көгалдандыру мақсатында ғана қолдануда. Сол себепті елде қызғалдақты өсіру технологиясымен айналысатын ғылыми орталық құру керек екенін алға тартады. Әрі жас мамандарды бұл іске қатысты біліктілігін арттырып, жағдай жасалса, гүл өсіретін кәсіпкерлердің санын көбейтуге болатынын айтады.

Бір көңіл қуантарлығы, соңғы уақытта жыл сайын елімізде «Қызғалдақтар» фестивалін ұйымдастыру қолға алынып келеді. Бұл керемет көрініс көктем мезгілімен тұспа-тұс келеді. Бұл жастарды өз өлкесінің тарихы мен мәдениетін тануға, табиғатына деген махаббатын арттыруға сеп болмақ. Әсем қаланы түрлі-түсті әлемге әндіретін гүл жауһарларын тамашалауға тек елімізден ғана емес, шетелден ағылып келетін туристердің де қызығушылығы біршама артқан.

Қазақ халқы әрдайым дала сұлулығына көз суарып өмір сүрді. Өзіміздің төл туындымыз «Қыз Жібек» фильмінде қазақтың ару қызы Жібектің гүл теріп жүргені қандай керемет! Ол табиғаттың тамаша туындысы хош иісі кеңсірігінді жаратын дала гүлдері қазақ қайда көшсе де айналасын қоршап тұрды. Гүлдің адам өмірімен тығыз байланысты екені айтпаса да түсінікті. Табиғат пен адамды бөліп жаруға болмайды. Екеуі егіз жаратылыс. Олар өзара үйлесімде өмір сүргенде ғана жер бетінде жақсылық орнайды.Бұл қаншама ғасыр өтсе де, бүтін Еуропаны таңдай қақтырып, сүйсіндірген, көктемнің хабаршысындай болған қызғалдақ гүлінің тарихи отаны Қазақстан екенін айқын дәлелдейді.

“Қырларда қызғалдақтар дірілдеген, Қуаныш келе берсін күлімдеген” деген өлең жолдары ойға оралады осындайда. Қызғалдақ бүр жарған елімізде таусылмас қуаныш бола берсін!

**Г.АСҚАРҚЫЗЫ**

Ойтаразы

# Бейбіт елге
## жамандық шақырмайық

**Қазір жер шарының «қызуы» қатты көтеріліп тұр. Әлемнің көптеген нүктелерінде соғыс жүріп жатыр. Адамзат жаралғалы жер бетінде бір сәт те соғыс тоқтаған жоқ, бір қанды қырғын аяқталса, жердің екінші бүйірінен мылтық дауысы шығады. Соғыс тек бір тараптың жеңісімен және екінші тараптың жеңілісімен аяқталады. Қырғи-қабақ екі елдің бір-бірімен ортақ мәмілеге келуі екіталай. Өйткені мұнда көпшілікке беймәлім саясат бар. Қалай болғанда да соғыстың аты – соғыс. Зардабын бейбіт халық тартады. Мылтық дауысы естілген елде береке болмайды.**

Қазірде күллі адамзат үшінші дүниежүзілік соғыс қаупінен үрейленіп отыр. Ғалымдар бүгінгі ядролық зымырандар екінші дүниежүзілік соғыста Хиросима мен Нагасакиге тасталған атом қаруларынан миллион есе қуатты екенін, егер соғыс барысында бір мезетте бірнеше атом бомбасы жарылатын болса, дүмпуінен планетамыз айналып тұрған өз осінен тайып кету қаупі барын айтады. Демек, үшінші дүниежүзілік соғыс ұзаққа созылмай, қас қаққанша адамзаттың жер бетінен жойылуымен аяқталуы әбден мүмкін. Лайым ондай жағдайға дейін адамзаттың ақылын адастырмасын деп тілейік.

Ресей мен Украинаның арасындағы соғыс ұзаққа созылды. Саясаткерлер, сарапшылар Ресей Украинаны бір айда басып алатынын айтқан. Бірақ олай болмады. Керісінше Батыс басылымдары әлемге азуын көрсеткен алпауыт мемлекеттің күн өткен сайын әскери қуаты әлсіреп бара жатқанын жазуда. Бірақ Украинаның көптеген қаласы қирап, мыңдаған бейбіт халық ажал құшып, миллиондаған тұрғын жараланып, зардап шекті. Бұл тақырып бүгінде әлеуметтік желіде де қызу талқыланып жатыр. Қираған қалалардағы үйіндіге айналған үйлердің астында қалған қала тұрғындарын құтқару жұмыстары кезінде балалардың да мәйіті шығып жатқанын көріп, жүрегіміз ауырды. Жауласқан екі тарап әзір мәмілеге келетін емес.

Соңғы уақытта соғыс қыза түсті. Ресми ақпарат көздері Украина бірнеше қаласын жаудан азат етіп, қарсы шабуылға дайындалып жатқаны жайында мәлімет таратып жатыр. Бұған қарымта жауап ретінде Ресей билігі де жаппай әскерге жарамды азаматтарды соғысқа аттандыруды бастады. Мұны таяуда Ресей Президентінің өзі ресми мәлімдеді. Сын сағатта барлығымыз Отанды қорғауға міндеттіміз деген желеумен жарлық шыққан бойда Ресейдегі халықтың көбі соғысудан бас тартып, алыс-жақын шет елдерге кете бастады.

Ресей – біздің шекаралас көршіміз. Әрине көрші елдермен тату қарым-қатынас жасаған жақсы. Президентіміздің ұстанған саясаты да сол. Алайда соңғы бірер күнде әлеуметтік желіде «Шекарамыз ашық қалды, соғыстан қашқан ресейлік орыстар елімізге ағылып келіп жатыр. Бұл өте қауіпті жағдай. Сондықтан біздің билік шекараны уақытша жабуы тиіс» деген сыңайдағы пікірлер айтылып жатыр. Дұрыс! Қазақтың қамын жеген ақын Мұрат Мөңкеұлы «Мен қауіп қылғаннан айтамын» дейді ғой. Отанын сүйген, елдің келешегін күйттеп, ұлттың болашағын ойлаған кез келген азамат ең алдымен осы шекара қауіпсіздігін көтереді.

Иә, жерімізге, кенімізге қызығып жан-жағымыздан анталап, аңдып отырған дұшпанымыз көп. Сондықтан қазіргі жағдайда сақтық шаралары айтылуы орынды. Алайда негізсіз жалған ақпарат таратып, қоғамды дүрліктіріп, халықтың үрейін ұшыруға болмайды. Мәселен, әлеуметтік желіде «Ресей Украинадан кейін Қазақстанға соғыс ашып, жаулап алады. Солтүстік облыстарға астыртын қарулы әскер кіргізіп жатыр. Солтүстіктің шет аудандарында қазақ әскерлері мен ресейліктердің қарулы қақтығысы болып жатыр» деген ақпараттар желіде желдей тарап жатыр. Солтүстік облысты айтпағанда, біздің ауданымыздың өзінде осы алып-қашты әңгімелер айтылып жүр. Қоғамдық көлікте отырсаңыз немесе қоғамдық мекемелерге барып, екі-үш адамның басы қосылған жердегі әңгімелерге құлақ түрсеңіз, түңіліп кетесіз. Әйтеуір екеуара, үшеуара өрбитін әңгімелердің басты тақырыбы болмаса да Украинадағы соғысқа бір шолу жасалады және сол соғыстың бір ұшын мүлдем қатысы жоқ болса да біздің елімізбен байланыстырып қояды.

Мұны бекерге айтып отырғанымыз жоқ. Сөз басында айттық, қазір жер бетіндегі жайбарақат өмірдің ырғағы бұзылған. Соғыс, табиғи апаттар, қаржылық дағдарыс, қымбатшылық адамзатты әбден титықтатып жіберді. Бұл жағдай біздің елімізді айналып өтпейді, әрине. Көрші үйде жанжал шығып, айқай-шу естілсе, уайым қылып, мазасызданатын халықпыз. Жасыратыны жоқ, көрші мемлекетке салынған санкциялардың әсері бізге де тиіп жатыр. Тығыз экономикалық қарым-қатынас жасап отырған алпауыт мемлекетпен алыс-берісіміз кілт тоқтады. Соның салдарынан қымбатшылық белең алды. Тұрмыс тапшылығы халықтың жүйкесін жұқартатыны белгілі. Ал сол жүйкесі тозған тұрғындардың күн сайын «Ертең бізді Ресей жаулап алады. Біз солардың құлаққестісі құлына айналамыз. Түбі құрып тынамыз» деген сөздермен үрейлендіріп, үмітсіздікке ұрындыруға бола ма?

Қай күні мен мінген қоғамдық көлікте дәл осы әңгіме талқыға түсті. Бір жап-жас жігіт Ресей мен Украина арасындағы соғысты өзінше сараптап, сайрап отыр. Оған үлкен кісілер құлағын түріп ұйып қалған. Әлгі жігіттің әңгімесін тыңдасаң, құдды сол соғыстың арасында өзі болып келгендей. Шімірікпей соғады. Оның айтуынша, Ресейдің Қазақстанды бір күнде жаулап алатын арнайы жасақталған қарулы күштері бар екен. Украинадағы соғысқа нүкте қойған бойда біздің елімізге тап береді екен. Еліміздегі Ресей туралы теріс пікір айтқан адамдарды қырып салып, қалғанын орысқа айналдырады екен.

Тыңдар құлақты былай қойғанда, айтар ауызға ауыр сөздерді сол жігіттің айтар жөні жоқ еді. Жалындаған жас адамға жалған сөзбен айналасын түңілдіріп, жамандық шақырмай, керісінше көпшілік ортасында бейбіт елдің тыныштығы туралы сөз толғап, сол бейбіт өмірді қалай да сақтап қалуға күш салатынын айтып, халықты үміттендірген жарасымды емес пе?!

Әлгінің әңгімесінен кейін үлкен кісілер: «Не дейді, Құдай-ау! Е, Алла өзің жар бола гөр! Соғыс болмасын. Жоқ жерден жау шақырма, шырағым!», – деп үрпиісіп, үрейленіп қалды.

Тағы да айтайық, XXI ғасырда әлемдегі болып жатқан жағдайлардан хабардар болып отырғанымыз дұрыс. Бірақ жердің бір бүйіндегі жамандықты елімізге сүйреп әкеліп, елді шошытуды қойғанымыз жөн.

**Қуат АДИС**

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөмірінде хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1598

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru
Кезекші редактор: Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА